

"Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименталдық авиацияда аттестациялаудан өтуге тиісті авиациялық персоналдың қызметтер (мамандықтар) тізімдемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 24 сәуіріндегі N 528 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 14 қазандағы N 197 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 8 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3192. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 442 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.09.30 № 442 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтық авиация ұйымдарында радиотехникалық жабдық пен байланыс құралдарын пайдалану және ұшуды электротехникалық қамтамасыз ететін авиациялық мамандарды аттестациялауды өткізуді ұйымдастыру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименталдық авиацияда аттестациядан өтуге тиісті авиациялық персоналдың қызметтер (мамандықтар) тізімдемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 528 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименталдық авиацияда аттестацияға тиісті авиациялық персоналдың қызметтер (мамандықтар) тізімдемесіне енгізілсін (нормативті-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 1858 нөмірмен тіркелген) келесі қосымшалар енгізілсін:

Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименталдық авиацияда аттестациядан өтуге тиісті авиациялық персоналдың қызметтер (мамандықтар) тізімдемесі келесі тармақтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"10. Радиолокация, радионавигация, байланыс жөніндегі инженерлерге";

"11. Ұшуды электротехникалық қамтамасыз ету жөніндегі инженерлерге";

"12. Радиолокация, радионавигация, байланыс жөніндегі техниктерге";

"13. Ұшуды электротехникалық қамтамасыз ету жөніндегі техниктерге".

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК